

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. Жеке және отбасы қаржыны жоспарлау

2. Сабақтың мазмұны:

1. Адами капитал, шешім қабылдау
2. Отбасы және бюджет
3. Отбасылық бухгалтерия.
4. Отбасылық бюджетті құру
5. Ақша біздің өміріміздегі рөлі.
6. Ақшаның функциялары
7. Жеке қаржылық жоспарды құру

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: адами капитал туралы білім жүйесін қалыптастыру; отбасы және отбасы бюджеттің шаруашылық-тардың экономикалық функциялары мен мақсаттарын анықтау; отбасылық шығындарды жоспарлау, үй есебін жүргізу дағдылары бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру; «ақша» ұғымы туралы түсінік қалыптастыру, ақшаның маңызын, ақшаның түрлерін, ақшаның қызметтерін анықтау; жеке қаржылық жоспар туралы түсінік қалыптастыру, жеке қаржылық жоспарды құру кезінде мақсаттарды жоспарлау; отбасылық шығындарды оңтайландырудың ықтимал жолдарымен, отбасылық бюджетті ұстау әдістерімен және нұсқаларымен таныстыру.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- Үйге берілген тапсырманы тексеру
- Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру
- Пысықтау есептері
- Тақырып бойынша тест тапсырмасы (google формада)

Есеп-1: Сіз студентсіз және 85000 теңге шәкірақы аласыз. Анаңыздың туған күні үш айдан кейін, соған ақша жинап, сыйлық бергіңіз келеді. Ай сайын қыдыру үшін 25-30 мың теңге, кинотеатрға баруға – 12 мың теңге, телефонға төлеуге – 3500 теңге және басқада қажеттілігіңізге жұмсайсыз. Мақсатыңызға жету үшін ең тиімді жоспарды қалай құрасыз:

А) Кіріс – Шығыс табамыз.

Б) Анаңыз үшін ай сайынғы тиімсіз шығындардан бастар едіңіз.

В) Мақсатыңызға жету үшін ең тиімді жеке жоспарды неден бастайсыз.

Есеп-2: Отбасының үйді/пәтерді жылытуға, тұрғын үйді күтіп ұстауға және жөндеуге, күрделі жөндеуге, домофонға, интернет пен жарыққа, қоқыс шығаруға, кіре берістегі баспалдақтарды тазалауға кететін ай сайынғы шығындарын анықтаңыз. Үйге/пәтерге айына кететін коммуналдық шығындарды тізбектеп, теңгесін анықтаңыз.

Есеп-3. Люстрада 75 Вт-сағат тұтынатын бес қыздыру шамы бар, ал оны 15 Вт-сағат үнемдейтін шамға алмастырды. Люстра күніне 5 сағат жұмыс істесе, айына қанша теңге үнемделеді? (бір тарифтік есептегіші бар электр плитасы бар пәтердегі электр энергиясының құны 1 кВтсағ үшін 7,32 теңгені құрайды, біз бір айда 30 күнді есептейміз).

Есеп-4: Ай сайынғы отбасылық бюджет кестесін толтырыңыз, отбасылық жинақтарды есептеңіз. Егер отбасының ай сайынғы кірістері мен шығыстары келесідей болса:

1. Әкенің жалақысы - 250 000 теңге;
2. Ананың жалақысы - 235 000 теңге;
3. Үлкен ұлының жалақысы - 150 000 теңге.

Жалпы отбасыда, коммуналдық төлемдер – 25-30 мың.тг; отбасы жұмыс кезінде түскі асқа 60000 теңге жұмсайды; үйдегі азық-түлік – 120 000 теңге; киімге, аяқ киімге шығындар – 70000теңге; қоғамдық көлікпен жүру – 10000 теңге; несие төлеу үшін – 65000 теңге; басқа немесе қосалқы ойын-сауық үшін – 45000 теңге шығындар болып тұрады.

Кіріс түрлері	Теңге	Шығыс түрлері	Теңге
Барлығы:			

- А) Кірістан шығыс асып кетсе келесі айға қарызбен кірсеңіз не істеу керек?
- Б) Кірістен шығыс аз болса, қалған ақшаны қайда жоспарлар едіңіз?